

Жүрдек те жайлы пойыз жолға шықты

8 ақпан 2013 | 14:02 | Қоғам | Қаралған: 2448 | Пікірлер: 0



Кез келген жолаушы дiттеген жерiне қиналмай, аман-есен жеткендi қалайды. Осы орайда жолаушылардың денi қауiпсiз көлiктердiң қатарынан саналатын пойызға отырғанды жөн көретiндерi де рас. Кеше «Өскемен вокзалы-1» станциясында жаңа вагонды пойыздардың тұсауы кесiлдi. Оған облыс Әкiмi Бердiбек САПАРБАЕВ қатысты.



Қар мен боранды, жауын-шашын мен дауылды күндерге қарамастан жолаушыларды тасымалдаудан танбайтын теміржол көліктерінің қауқары соңғы жылдары артып келе жатқаны шындық. Сонау кеңестік заманда шығарылған алқам-салқам вагондар барынша жаңартылып, жаңғыртылу үстінде. Әйтеуір, теміржол арқылы жолаушылар тасымалымен айналысатын компаниялардың қай-қайсысы болмасын өз тұтынушыларының қалауын табу үшін барын салуда. Тiптi, олар осынау мақсат жолында қаржыларын да аяп жатқан жоқ. Солардың бiрi

«Өскемен вокзалы-1» станциясында кеше ғана тұсауы кесiлген жаңа вагонды пойыздардың иесi – «Solux экспресс» ЖШС.

Бұл пойыздардың жай пойыздарға қарағанда артықшылықтары қандай? Бiз бұл сауалды облыстық жолаушылар көлiгi және автомобиль жолдары басқармасының бастығы М.Исаховқа қойған болатынбыз.

– Дизельдi пойыздың ұтымды ерекшелiктерi көп, – деп санайды М.Исахов. – Бiрiншiден, таза, ескi вагондардағы секiлдi мұндағы вагондарды жылыту үшін көмiр пайдаланылмайды, жолсерiктер күйе-күйе болып, от жағып әуре болмайды, екiншiден, жылдам жүредi, яғни, жолаушылар уақытын үнемдейдi деген сөз. Үшiншiден, бұл пойыздар экономикалық жағынан өте тиiмдi. Мысалы, былтыр тасымалдаушыларымыз өзiмiздiң жай пойызбен аптасына Риддерге үш рет қатынаған болса, ендi сол сомаға мына пойыздар аптасына төрт рет қатынайды. Көрдiңiз бе, жолаушылар үшін өте ыңғайлы емес пе? Ендi, мына айырмашылыққа назар аударыңыз, автобустың құны Риддерге дейiн 900 теңге тұрады. Ал пойыз билетi небәрi 220 теңгенi құрайды. Сонда сiз үшін қайсысы тиiмдi болмақ? Әрине, соңғысы. Бұл пойыздар Қазақстанда бiрiншi болып бiздiң облыста қолданысқа енiп жатыр. Алдағы уақытта Өскеменнен Шар арқылы Семейге жүретiн жаңа бағыт ашамыз ба деген де жоспарларымыз бар.

«Solux экспресс» ЖШС-нiң атқарушы директоры Жолдас Құрманов бұл вагондардың Эстониядан сатылып алынғанын айтады. 1988 жылы Ригадағы вагон құрастыру зауытынан шыққан бұл вагондардың қызмет ету мерзiмi 2025 жылға дейiн есептелген екен. Алдағы уақытта «Solux экспресс» ЖШС жылжымалы құрамның санын үш пойызға дейiн жеткiзiп, 1368 жолаушылар орнына дейiн арттыруды көздеп отыр. «Solux экспресс» ЖШС-нiң эстондық әрiптестерiнiң бiрi Гуннар Цирк те бұл пойыздардың экономикалық әрi экологиялық тұрғыдан алғанда өте тиiмдi екенiн айтудай-ақ айтып жатыр.

Бұл күні «Solux экспресс» ЖШС-нің ғана емес, «Тұран экспресс» жолаушылар компаниясына қарасты «Защита – Зырян» бағытына қатынайтын жолаушылар пойызы вагондарының да тұсауы кесілді.

– «Защита – Зырян» бағыты бойынша тендерді ұтып алып, енді іске кірісіп жатырмыз. Біздің компания негізінде «Алматы – Астана», «Алматы – Достық», «Алматы – Алтынкөл» бағытында жолаушылар тасымалдаумен айналысады. Атырауда да біраз пойыздарымыз бар. Енді міне, өзіміздің теміржол көліктерімізбен, вагондарымызбен Шығыста да жұмысымызды бастап жатырмыз. Қазір үш вагонның орнына тоғыз вагонға дейін көбейтіп отырмыз, – дейді «Тұран экспресс» жолаушылар компаниясының бас директоры Роман Ботабеков бізбен сұхбатында.

Облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ екі пойыздың да вагондарына мініп, олардың жолаушыларға ыңғайлылығын өз көзімен байқап көрді. Екі пойыздың вагондарында да жолаушылар үшін барлық жағдай жасалыпты. Әсіресе, бұл пойызға мінген жолаушы радио тыңдағысы келе ме, әлде теледидар тамашалағанды жөн көре ме, өзінің еркінде. Тіпті, Wi-Fi ғаламтор арқылы, әлемді шарласа да болады. Компания өкілі алдағы уақытта VIP-вагондарды да қосуды ойластыруда.

«Защита – Зырян» бағытына қатынайтын вагондарда да жолаушылар үшін барлық жағдайлар қарастырылған. Жолаушылар отыратын орындар тура ұшақтың орындықтары секілді. Бұл пойыздағы бір вагон жатып баруға арналған.

Облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ теміржолмен тасымалдаушы компаниялардың өкілдеріне пойыз вагондарында тәртіп пен тазалықтың сақталуын қадағалауды қатаң тапсырды. Ауа райы бұзылған кезде вагон санын көбейту қажеттігін де олардың естеріне салды.

– Сіздердің ешқайсыларыңыз да тегін жұмыс істеп жатқан жоқсыздар. Риддер мен Зырянға қатынайтын жолаушыларға билет бағасының қолжетімді болуы үшін облыстық бюджеттен 246 миллион теңге көлемінде субсидия бөлініп отыр, – деді облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ.

Содан кейін тиісті мекеме басшыларына шемонайхалықтар үшін қосымша тіркемелі вагондар шығарудың жай-жапсарын пысықтауды да тапсырды. Сондай-ақ, облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ «Өскемен вокзалы-1» станциясында жолаушыларға арналып ашылған уақытша тынығу бөлмелерін де аралап көрді.

– Жолаушыларымыздың қуанышында шек жоқ. Өздері үшін қолайлы жағдай жасалып жатса, кім қуанбайды, – дейді «Өскемен вокзалы-1» станциясының бастығы Елена Ларионова.